

**«Арал көпсалалы колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің хаттамасы

Қатысқандар 55 қызметкер

Өткізілген күні: 12 наурыз 2024 жыл

Күн тәртібінде:

**1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер.**

Тыңдалды: колледж директоры **Н. Әбішов** – сөз алып, ұжым қызметкерлерін күн тәртібіндегі қаралатын мәселемен таныстырды және заңнамаға енгізілген өзгерістер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырғанын айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер, аталған заң аясында жемқорлық әрекеті үшін қарастырылатын әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер туралы айтып өтті. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамадан туындайтын міндеттер туралы кеңінен айтылды. Тұжырымдама парасатты қоғамды қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын, бюджеттік процесстердің ашықтығын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізуге бағытталған алты негізгі блокты көздейді. Осы тұжырымдамадан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру баршаға ортақ міндет екенін айтты. Сонымен қатар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының негізгі мақсаты мекеменің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Жиналыс барысында сөз алған колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Айділдаев «Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамымызды қатты алаңдатып отырған келеңсіз көріністердің бірі екені еш жасырын емес», - дей келе, Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, зардаптарын жою, қоғам игілігі үшін қызмет ету әр азаматтың міндеті екенін жеткізді.

Жиналыс барысында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

Тыңдалды: колледж директоры өз сөзінде - ашықтық пен әділдікке негізделген азаматтық қоғам құру – қазіргі күннің басты талабы. Осыған бастайтын бір жол – жемқорлықты түп-тамырымен жою. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нақтылаған 10 маңызды бағыттың бірінде «Сыбайлас жемқорлықты жою» екенін белгіледі деп айтып, ұжымда бірге ат салысу біздің міндетіміз деп, сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу жұмыстары басты назарда болсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарына сәйкес іс-шараларды өткізу жалғастырылсын.

Колледж директоры:



Хатшы:

Н. Әбішов

М. Тойбазарова